



## Еңбегімен із қалдырған азамат

**Торғай өңірінде лауазымды қызметтер атқарып, көптеген жылғы адал еңбегімен, іскерлігімен елдің алғысына бөленген жан, Мемлекет және Қоғам қайраткері Аманкелді САДЫРБЕКОВТІҢ «Өмірімнің өрнектері» атты кітабының тұсауы кесілді.**

Мұражай ғимаратында өткен шараға қала әкімі Әмірхан АСАНОВ қатысып, еңбек ардагеріне жылы лебізін білдіріп, сый – құрметін көрсетті.

«Парасат», II дәрежелі «Достық» ордендерінің иегері Кәрібжанов Жәнібек КӘРІБЖАНОВ, оюшы, өлкетанушы Шөптібай БАЙДІЛДИН, кітапқа редакторлық етіп, қолжазбамен жұмыс жасаушы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Жалғасбек СҮЛЕЙМЕНОВТЕР сөз алып, Аманкелді Төлеубайұлының өңірді дамыту жолындағы зор еңбегін, кітаптың маңыздылығын тілге тиек етті.

Қазақтың бір туар қайраткерлері Е.Н.Әуелбеков пен Ө.Ж.Жәнібеков сынды халықтық тұлғалардың тәрбиесін көріп, тәлімін бойына дарытқан Аманкелді САДЫРБЕКОВТІҢ салиқалы жасқа жеткен шақтағы толғанысынан туған «Өмір өрнектері» деп аталатын осынау ғұмырнамалық туындысының айтар ойы да, тағылымдық тұстары да аз емес.

Торғай мен Қостанай, Ақмола, Орал, Алматы өңір-

лерінде жарты ғасырға жуық еңбек етіп, Кеңестік кезең мен тәуелсіз Қазақстанға белсенді қызмет жасаған айтулы тұлғаның танымдық пайымы мен парасаты, еліміздегі қоғамдық дамудың кешегісі мен бүгінгіне байланысты ой-пікірлері осы кітаптан айқын көрініс табады. Әсіресе, тағдыры тәлкекке түскен Торғай облысына қатысты тұжырымдары жерлестерін, ел адамдарын бей-жай қалдырмайды. Сонау жетпісінші жылдарда жаңадан ашылған Торғай облысының орталығы атанған Арқалық қаласы мен ауданының өркен жайып, қанатын кеңге жаюына айтулы үлес қосқан аға ұрпақтың ортасында белсенді қызмет жасаған, шаруашылықтар мен аудан басқарған, Торғай облысы әкімінің бірінші орынбасарына дейінгі лауазымды қызметтерді абыроймен атқарған және еліміздің Президенті аппаратында жауапты қызметтер атқарып, Қазақстанның бірнеше облысында жұмыс жасаған айтулы азаматтың қай жерде жүрсе де жасаған жағымды істері аз емес. Облыстық және Арқалық ауданы ауыл шаруашылығы басқармаларында басшылықта болған жылдарда осы аймақтың алға дамуы бағытындағы белсенді ісқимылдары да осы кітаптан орын алған. Бүгінде Арқалық қаласы құрамына қарайтын Қараторғай ауылының іргесін қалап, шаңырақ көтеруіне басшылық жасаған жас басшының жігерлі қызметін жергілікті халық ешқашан ұмытқан емес.

«АХ»